

ЖАСТАРДЫ ПАТРИОТТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМДІ АРТТЫРУ

Патриотизм – отбасына, туып-өскен ортасына, топырағы мен табиғатына, еліне деген құрметтен бастау алады. Өз ұлтын, жерін сүйіп, оның мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтын адам ғана шынайы патриот бола алады. Оны зорлықпен, нұсқаумен жүргізу мүмкін емес.

Қазақстандық патриотизм - қазақстанды мекендейтін барлық ұлт пен ұлыстардың халықтардың Қазақстан мемлекетінің әлемдік биіктіктен көрінуі үшін білім, мәдениет, экономика әлеуметтік тұрғыда дамуына жағдай жасай отырып, еліміздегі бейбітшілік, бірлік пен тәуелсіздікті сақтау үшін барлық күш жігерін жұмсауы. Қазақстандық патриотизм бүкіл қазақстандықтарды жасампаз еңбекке шақыру, береке бірлікті, баянды ынтымақты орнықтыру. Отансүйгіштік рух тәуелсіз еліміздің әлемдік өркениет көшіне қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орнын алуына мүмкіндік беретін бірден-бір күш, төл тарихы, мәдениеті мен өнері, экономикалық қуаты жоқ ел басқаларға да қызықсыз. Ал оларды кең таныту үшін алдымен өз қадір-қасиетінді өзің жақсы білуің, мақтаныш ете алуың керек. Елінің патриоты, мемлекетшіл азаматтарды қалыптастыратын-отбасы, отбасы-қоғам болмысының, мемлекеттің негізі, адалдық, адамгершілік және рухани үйлесім жүйесіндегі маңызды буын болып табылады. Отбасы қызметтері арқылы тұлға Отанға, өзі, өз жақындары үшін әлеуметтік жауапкершілік сезімін қалыптастырады [1].

Аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлының өнегелі өмірі бір төбе. Жазушының көптеген еңбектерінің ішінен «Соғыс психологиясы» мұрасын ерекше атап өтеміз. Өйткені, мұнда патриотизм және оған тәрбиелеу хақында өрелі пікірлер бар. Ол патриотизм туралы айтудан бұрын, оның келіп шығу тегіне үңіледі, ұлттық мақтаныш дегеніміз, - «белгілі бір ұлт адамының жеке мақтаныш сезімі ... өз ұлтын сыйламаса және оны мақтан тұтпаса, ол барып тұрған арамза, Отансыз қаңғыбас» - дей келе ұлттық рух тамаша қасиеттерге ие, ... адамдар ғана Отандастарының алдындағы өз халқының және ең алдымен халықтардың бауырластығы алдындағы өз борышын терең де жоғары сезінеді. Адамның жеке психологиясының маңызын аша келіп, Б.Момышұлы «патриотизм – Отанға деген сүйіспеншілік. Жеке адамның амансаулығы, қоғамдық, мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, өзінің мемлекетке тәуелді екенінді, мемлекетті нығайту дегеніміз – жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм дегеніміз мемлекет деген ұғымды, оны жеке адамның барлық жағынан өткені мен бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасын біріктіреді.»- деп терең, жан-жақты анықтама берген. Қаһарман жазушы, біз іздеп отырған «ұлттық патриотизм», «қазақстандақ патриотизм» ұғымдарына философиялық анықтама беруге ұмтылған. Бұл жерде, «ұлттық патриотизм» және «қазақстандық патриотизм» ұғымдары арқылы Отан, туған жер, ел, атамекен, мемлекет, туған өлке, туған халқы туралы нақты түсініктер берудің тиімділігі арта түспек. Ал, түсінік дегеніміз – бір нәрсенің мағынасы мен мәнін ұғыну. Сөйтіп, «ұлттық патриотизм» және «қазақстандық патриотизм» ұғымдарына анықтама беру, олардың мазмұнын құрайтын – Отансүйгіштік сезімін дамыту, ұлттық салт дәстүрді ұстану мен мемлекет рәміздеріне құрмет қалыптастыру секілді т.б. тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктерін кеңейте түседі.

Қазіргі кезеңде “қазақстандық отансүйгіштік” ұғымына зор мән берілуде. Көп ұлтты Қазақстан халқының отансүйгіштік сезімін қалыптастыратын – азаматтық келісім, ұлттық бірлік. Егемен еліміздің тәуелсіздігін сақтау ұлттық келісім, ішкі үндесім барша халқымыздың ынтымағы мен өзара жарасымдылығында. Туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар – жалпы ұлттық құндылықтар ешкімді де бейтарап қалдыра алмайды.

Қазақстандық отансүйгіштікке келсек, ол тек қазақтардың ғана өз отанына сүйіспеншілігі емес, онда мекендейтін бүкіл ұлт пен ұлыс өкілдерінің бәріне қатысты дүние.

Бұл сезімнің мағынасы терең, аумағы кең, құдіреті күшті. Ол өз мазмұны, өз аясы бар, құдіретті күшке кездейсоқтықтан айналмайды, бұл сезімнің оянып, бірте-бірте күш алып, саналы өзіндік мәні, өлшемі, мағынасы бар біртұтас сезімге ұласуы объективтік шарттылықтарды қажет етеді. Отанын адамның өзі тануы тиіс. Оны жете біліп, қадір – қасиетін ұққанда, тарихын, өткен жолын, қиындық мехнаттарын, рухын, тар жол, тайғақ кешулерін көз алдынан өткізіп, жанымен сезе білгенде, елдің басын біріктірген жат жұрттықтардан жерін, суын, даласын, тауын қанын төгіп қайсарлықпен қорғап алған ерліктерін сезіп білгенде ғана, соған деген мақтаныш сезімі оянады [2].

Сонымен, Б.Момышұлының анықтамасы бойынша ұлттық патриотизм мыналардан тұрады: өз халқына сүйіспеншілік; өз халқымен қан жағынан байланысын сезіну; шыққан тегін сезіну; тұрып жатқан территориясы; ана тілі; тұрмыс-тіршілігі; мінез-құлқы; тарихи дәстүрі; психологиялық ерекшелігін сақтап, дамытуға, оны өз ұрпақтарына өткізіп беруге бейімділік. Осыдан барып, патриотизмге тәрбиелеуді отбасынан бастау проблемасы келіп шығады. Бұл, кеңес одағы кезінде де бүгін де әлі зерттеліп зерделенбегені анық.

Бұдан келіп шығатын тұжырым – Б.Момышұлы көрсеткен рухани ерекшеліктерді сақтау – ұлттық патриотизмнің уәзіні (критеріі) болып табылады. Жаңа қалыптасып келе жатқан жас мемлекетіміздің болашақ жастарын патриотизмге тәрбиелеуде міне осылар оның негізгі бағыттарын құрауы керек. Ойымызды айқындай түссек, Б.Момышұлы айтып отырған белгілердің педагогикалық негізі тұлғаның патриоттық сана-сезімін қалыптастыру; патриоттық іс-әрекетін ұйымдастыру; мінез-құлқына патриоттық сипат беру, тәрбие ісінің өзегі болуы керек.

Қазақстандық патриотизм – Қазақстан тарихына, мәдениетіне, өнеріне, тарихи ескерткіштері мен жалпы рухани құндылықтарына құрмет және мақтаныш сезімі жағдайында дұрыс қалыптасады. Қазақстан азаматы өзін Республиканың рухани дүниесінің құрамдас бір бөлшегі ретінде сезінгенде, оның Отанға деген сүйіспеншілігі туған елге құрметі, өскен ортасын сыйлауы, туған топырағын қадірлеуі нығая түседі. Бұл өте терең рухани құбылыс. Қазақстанның ғасырлар бойы жинақталған, рухани қазынасы кеңес дәуірінде тұншықтырылып келген. Шәкәрім, Ахмет, Мағжан, Міржақып, Жүсіпбек іспеттес алыптардың шығармашылық мұрасын игеру, қазақ халқының ауыз әдебиеті, аңыз-термелері, жыраулық дәстүрлері, әсіресе, батырлық эпосын білу, ұғыну, жүрекпен сезіну қазақстандықтарды Отанын сүюге жетелейтіні, үйрететіні анық. Қазақстанның патриоттары тек қазақтар ғана болады, алда да солай бола бермек десек, сыңар жақты түсінікте болғанымыз.

Қазақстанның патриоттары елімізде тұратын қазақстандықтардың ортақ мақсаттары мен мұраттары үшін күресетін диаспоралардың озық өкілдері: Дмитрий Снегин, Герольд Бельгер, Александр Гарковец, Илья Шухов, Иван Щеголихин секілді белгілі жазушыларымыздың шығармашылық еңбегі, қоғамдық-саяси қызметі барлық қазақстандықтарға патриотизмнің үлгісі болады. Олардың Қазақстан мемлекетінің ортақ мүдделерін уағыздауы, елді сүюдің, туған жерін қадірлеудің, оның мүддесін дәріптеудің тамаша көрінісі [3].

Патриоттық тәрбиенің жүйелілік сипатына келетін болсақ, ол ең алдымен, тәрбие мен патриоттық сана-сезімнің жүйесі арқылы айқындалады. Жүйелі патриоттық сана тұрғысынан алғанда, патриоттық тәрбие тәрбиенің идеялық саяси, адамгершілік, құқықтық, эстетикалық және т.б. элементтерінсіз өмір сүре алмайды, патриоттық сана Отанды өркендету мен қорғауға ішкі даярлық пен қабілетті қалыптастыруға білгілі бір әлеуметтік- саяси бағыт береді. Сөйтіп, патриоттық тәрбие басқа тәрбиенің барлық негізгі бағыттарымен бірге жүзеге асырылады. Патриоттық тәрбиенің соңғы нәтижесі ретінде патриоттық сана өз Отанын өркендету жолындағы күресте, оны нығайту және қорғау жолындағы қызметті көрініп, өлшенеді, сөйтіп, сол арқылы тиісті ерлік, жауынгерлік және ұлттық дәстүрлер түзе отырып, олар кейіннен тәрбиелеуші факторға айналады. Патриоттық тәрбиенің жүйелілігі, біріншіден тәрбие объектісі-жеке адамның біртұтастығынан; екіншіден, отбасында, ұжымда, еңбек және әскери ұжымдарда патриоттық тәрбиенің сабақтастығы мен бірімәнді бағыттылығын талап ететін қоғамдық өмірдің барлық салаларының өзара байланысынан; үшіншіден, тәрбиенің негізгі принциптері мен жалпы заңдылықтарынан және төртіншіден, негізгі мұраты жеке

адамды жарасымды және жан-жақты тәрбиелеу болып табылатын тәрбиенің неғұрлым жалпы жүйесіне патриоттық тәрбиенің ықпалдасуынан туындап жатады[4].

Патриотизм өмірдің жекелеген қырлары, жағдаяттар, оқиғалар мемлекеттің, Отанның, Атамекеннің тұтастығымен және бірегейлігімен тікелей байланыста қаралатын қоғамдық-саяси қатынастың мәні мен құндылықтарын зерделеу тәсілі ретінде көрінеді. Өскелең ұрпаққа жалпы патриоттық тәрбие беру - жеке тұлғаны өзін-өзі айқындауына және қалыптасуына жол ашады. Жастардың патриоттық тәрбиесі патриоттық сананы, өз Отанына деген адалдық пен берілгендік сезімін қалыптастыру, азаматтық борыш пен негізгі конституциялық міндеттерді орындауға деген дайындық талаптары болып табылады. Жастардың санасына патриотизм өзің, отбасың және біздің Отанымыз үшін деген ұлы жауапкершілік екенін сіңіру ерекше маңызды. Қазақстандық патриотизмнің басты құндылықтары жастарға арналған бағдарламаларда анықталған. Оның ішінде жастардың дәртүрлі құндылықтары білім мен мансап, білім беру жүйесінің еңбек нарығына айқын бейімделуді, анықталған қажеттіліктер мен технологиялық жаңалықтарды ескере отырып, білім беру мен кәсіптік даярлау жүйесінің экономикалық, әлеуметтік және кәсіпкерлік болмысқа сәйкес болуы талап етіледі. Елінің патриоты болу-өз ісінді жауапкершілікпен атқарып, міндеттерінді орындап, мемлекеттің дамуына үлесінді қосу.

Адамзаттың асыл мұраттары қайта гүлдеп, мәдениет дәрежесі демократия мен қоғамдық прогрестің одан әрі дамуының өлшеміне айналып отырған бүгінгі шақта отансүйгіштікке тәрбиелеудің маңыздылығы ерекше арта түседі. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Қазаргі кезде Қазақстанда тұратын басқа ұлт өкілдері мен ұлыстар өзінің тума мәдениеті мен тіліне, өнері мен дәстүріне сүйіспеншілікпен қарай отырып, өз Отаны ретінде Қазақстанға деген құрметін арттыруда, мұның өзі жалпықазақстандық патриотизмнің көрініс болып табылады. Әрине, бұл дамудың жаңа үдерістерінің бастамасы, оның жалғасын тауып, нығая түсуі үшін әлі де атқарылар шаралар көп.

Міне, сондықтан да жастарда патриотизмді қалыптастыруда және жастардың патриоттық сезімін оятуда немесе қалыптастыруда қазақстандық патриотизмнің, қоғамның рөлі аса зор.

Әдебиеттер:

- 1.Тасболатов Қ. Қазақстандық патриотизмнің ұлттық және ұлтаралық үйлесімі. // Отан тарихы.№3.2001
2. Қалмырзаев Ә. Қазақстандық патриотизм қалай қалыптасады. //Егемен Қазақстан, 1998. 10 қаңтар. № 6.
- 3.Жаманқұл П. Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуде көркем шығармаларды пайдалану. //Бастауыш мектеп. №2. 2002.
- 4.Жұмаханов А. Оқушылардың әскери-патриоттық тәрбиесі жайында. /Қазақстан мектебі. 1972. №1, -31-35 б.

Кулейменов А.Ж., Нуркеев Р.Ж.
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Есмағамбетов С.А.
«№15 ЖББМ» КММ Қарағанды қ.
Хасенов А.Е.
«№91 ЖББМ» КММ Қарағанды қ.

**АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ ПӘНІ
БОЙЫНША ОҚУШЫЛАРДЫ ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ**